

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

Талдау және қоғамдық байланыстар бөлімі

2010ж. 1-ші тоқсанға

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫН

АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ

2010 ж.


2010 жылғы 1-тоқсанға бөлшек депозиттер нарығының дамуының негізгі ерекшеліктері

Тоқсан ішіндегі басым тенденциялар:

- тенгедегі мерзімді депозиттер мен талап еткенге дейінгі валюталық депозиттер есебінен бөлшек клиенттерден таратылған ресурстардың оң өсуі;
- теңге депозиттеріне ірі валюталық депозиттердің құйылуы, сонымен қатар валюталық ағымды және карт-шоттардың жабылуы салдарынан шетел салымдары үлесінің қысқаруы.

Жалпы депозиттік базадағы өзгерістер


Есептік тоқсан қорытындылары бойынша Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне (бұдан әрі – ДКЖ) қатысушы банктерде орналастырылған жеке тұлғалар салымдарының жиынтық базасы 2009 жылғы 4 тоқсанмен салыстырғанда 2,1%-ға өсті және 1 976,6 млрд. теңгеге жетті. Негізгі өсім ақпан айына келді, бұл кезде жалпы өсу 3,0%-ды құрады, бірақ наурыз айындағы депозиттер көлеміндегі 0,9%-ға қысқару өсудің жалпы тоқсандық мәнінің төмендеуіне әкеліп соқты (1-суретті қараңыз). Осы ретте, ағымдағы және карт-шоттарды қоса алғанда салымдар бойынша шоттар саны тоқсан ішінде іс жүзінде өзгерген жоқ, жалпы көбею 0,6%-ды немесе 95,5 мың шотты құрады.



Жиынтық депозиттік база құрылымында негізгі үлесті 86,5% жалпы мөлшерде мерзімді салымдар (оның ішінде көлемі 5 млн.теңгеден асатын 55,3% депозит) алады, бұдан әрі 10, 1%-бен ағымдағы және карт-шоттардағы қалдық сомалар, 3,3%-бен талап еткенге дейінгі салымдар және 0,1%-бен шартты салымдар алады (2-суретті қараңыз).

1-тоқсан ішінде банктер ағымдағы және карт-шоттардағы сомаларды қоса алғанда 147,2 млрд.теңге шамасындағы жалпы сомаға салымдарды тартты. Бұл ретте 106,7 млрд.теңге сомаға депозиттердің жалпы жылысталуы тіркелді. Осылайша, нәтижесінде

жиынтық депозиттік қоржынның өсуі 40,3 млрд. теңгені құрады. Жиынтық көлемнің өсуінің оң динамикасына әсер еткен бұл өсімен алдымен 5 млн.теңгеге дейінгі көлемдегі мерзімді депозиттердің 38,5 млрд.теңгеге және 5 млн.теңгеден астам ірі депозиттердің 33,1 млрд.теңгеге көбеюімен қамтамасыз етілді.



Сомасы 5 млн.теңгеден аспайтын мерзімді депозиттерді жеке көрсетуге болады. Мұндай депозиттердің үлесі мерзімді депозиттердің жалпы сомасының 36%-н құрайды.

Кесте 1. Мерзімді депозиттердің сомасы


Мерзімді депозиттер	Депозиттер сомасы (млн. теңге)	%-тік үлес
5 млн. теңгеге дейін	618 38	36%
5 млн. теңгеден жоғары	1 093 249	64%
сонын ішінде 15 млн. теңгеден жоғары	884 688	52%
Барлығы	1 711 631	100%

Сонымен қатар, есептік кезеңнің қорытындылары бойынша депозиттік базаның өсу қарқынының бәсеңдеуі ағымдағы және карт-шоттардағы қалдық соманың күрт төмендеуіне байланысты болды: жиынтықта 43,2 млрд.теңгені құрады.

Барлық салымдардың 5,0% немесе немесе 99,2 млрд.теңге, оның ішінде ағымдағы және карт-шоттардағы сомалар қатысушы банктердің басшы қызметкерлеріне және дауыс беру құқығымен банктің бес және одан аса акциялар пайызын иеленетін акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі. Есепті тоқсан ішінде осы сома 19%-ға өсті.

Депозиттік базаның валюталық құрылымы

Ұлттық валютадағы депозиттерге сұраным тенденциясы нығайып отыр. Теңге депозиттеріне ақша салымдарының үлесі 1-тоқсанда 43,0%-дан 49,1%-ға дейін өсті, бұл ретте, есепті күнде доллар депозиттерінің үлесі 39,7%-ды, Евродағы депозиттер үлесі – 11,0%-ды және басқа валюталар бойынша – 0,2%-ды құрады (3-суретті қараңыз).



Теңгедегі салымдар жиынтықта 129 млрд.теңгеге асты. Бұл ұлттық валютадағы ірі депозиттердің өсуімен айқындалған болатын (2-кестені қараңыз). Сонымен қатар, шетел валютасындағы салымдар көлемі 88 млрд.теңгеге қысқарды.

Кесте 2. Депозиттердің сомалары бойынша тоқсандық өзгеріс

	Сома бойынша өзгеріс (млн. теңге)	
	теңге	басқа валюталар
Мерзімді депозиттер, сонын ішінде:	131 635	-60 077
<i>1 млн. теңгеге дейін</i>	<i>11 609</i>	<i>-424</i>
<i>1-нан 3 млн. теңгеге дейін</i>	<i>17 832</i>	<i>1 322</i>
<i>3-тен 5 млн. теңгеге дейін</i>	<i>9 210</i>	<i>-1 055</i>
<i>5-тен 10млн. теңгеге дейін</i>	<i>11 329</i>	<i>799</i>
<i>10-нан 15 млн. теңгеге дейін</i>	<i>4 166</i>	<i>1 106</i>
<i>15 млн. теңгеден жоғары</i>	<i>77 489</i>	<i>-61 826</i>
Шоттардағы қалдықтар	-2 705	-40 460
Талап етілгенге дейін	-226	12 144
Сома	128 704	-88 393

Кепілдік берілген өтем және Қор Резерві

Қор төлейтін жеке тұлғалардың депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемнің жалпы сомасы 1 сәуірдегі жай-күй бойынша 5,3%-ға өсті және 897 млрд.теңгеге жетті немесе депозиттердің жиынтық сомасында 45,4%-ды құрайды. Осы орайда, арнайы резервте жиналған Қордың қаржы ресурстары 50% жарғылық капиталды есепке ала отырып, 1 сәуірде 96,1 млрд.теңгені құрады, бұл депозиттер бойынша жиынтық өтем

соманың 10,7% -н құрайды. Заңнамаға сәйкес арнайы резервтің мақсатты көлемі жеке тұлғалар депозиттерінің сомасынан кемінде 5%-ды құрауы қажет, есепті тоқсанда бұл көрсеткіш 4,9% межесінде болды.

2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Наурыз Банкіне қатысты Қор төлеген кепілдікті өтеу сомасы 679,5 млн. теңгені, ал Валют-Транзит Банкі бойынша – 13,9 млрд. теңгені құрағанын да атап өткен жөн. Қор талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алынған сома Наурыз Банкі бойынша төленген кепілдікті өтеу сомалары бойынша 679,4 млн. теңгеге, ал Валют-Транзит Банкі бойынша – 3,6 млрд. теңгеге тең.